

IV МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2-сабақ Шағым беру тәртібі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

бостандық
әрекетсіздік
наразылық
ауызша шағымдар
уәкілетті орган
шағым берген тұлға
лауазымды адам
міндетті шарт

әкімшілік құқықбұзушылық
сотқа шағым беру
шағым беру тәртібі
алдын ала жүгіну
шағымды қайта беру
жазбаша келісімі
істі қараудың нәтижелері
шағымды кері қайтарып алу

Етістік + (-ыл, -іл, -л) +
тұйық етістік (+у) +
тәуелдік жалғауының III жағы
Мысалы: жаса + л + у + ы
бер + іл + у + і
айт + ыл + у + ы



2. Тыңдаңыз, қажетті қосымшаларды жазыңыз.



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

жасау----жасал----жасалу-----жасалуы

айту

беру

қарау

санау

қолдану

жіберу

табу

қарастыру



4. Тыңдаңыз жазыңыз.

Blank lines for writing the transcription of the audio.



5. Сәйкестендіріңіз.

ауызша	шарт
шағым беру	тәртібі
лауазымды	нәтижелері
міндетті	орган
уәкілетті	құқықбұзушылық
жазбаша	келісімі
шағым берген	адам
істі қараудың	тұлға
әкімшілік	шағым



6. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрыңыз.

сотқа шағым беру	шағымды қайта беру
алдын ала жүгіну	шағымды кері қайтарып алу



7. Туісті сөздерді қойыңыз.

ауызша _____	уәкілетті _____	әкімшілік _____
жазбаша _____	міндетті _____	шағым беру _____
лауазымды _____	істі қараудың _____	
келісім	нәтижелері	тәртібі
орган	тұлға	құқықбұзушылық
шарт	орган	



7. Мәтінді оқыңыз.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуші жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) шешімімен құқықтары мен бостандықтары тікелей қозғалатын адам әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманың жасалуы, іс бойынша іс жүргізуші қамтамасыз ету шараларының қолданылуы, сараптама тағайындау және оны жүргізу тәртібі бойынша заңның бұзылуына, өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) және әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қараудың нәтижелері бойынша және әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым (наразылық) бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, шешімдердің қабылдануына жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгінуге сотқа шағым беру және соттың оны қарауға қабылдауы және мәні бойынша шешуі үшін міндетті шарт болып табылмайды.



8. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

_____ іс бойынша іс жүргізуші жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) шешімімен құқықтары мен бостандықтары тікелей қозғалатын адам әкімшілік құқықбұзушылық туралы _____, іс бойынша іс жүргізуші _____, сараптама тағайындау және оны _____ бойынша _____, өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) және әкімшілік құқықбұзушылық туралы _____ бойынша және әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым (наразылық) бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, _____ жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) _____ сотқа шағым беру және соттың _____ және _____ үшін міндетті шарт болып табылмайды.



9. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

_____ әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманың жасалуы

_____ шараларының қолданылуы

_____ бойынша заңның бұзылуына, өзге де әрекеттерге

_____ қаулыға шағым (наразылық) бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда

_____ сотқа шағым беру және соттың оны қарауға қабылдауы



10. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Шағымдар _____ (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым _____ (лауазымды адамға), сотқа беріледі, ол шағым келіп түскен күннен бастап үш тәулік ішінде оларды _____ (лауазымды адамға), тиісті _____ міндетті. Шағымдар, _____ уәкілеттік берілген _____ (лауазымды адамға), сотқа тікелей берілуі мүмкін.



12. Ауқармасымен сәйкестендіріңіз.

бостандық

әрекетсіздік

наразылық

ауызша шағымдар

сотқа шағым беру

шағым беру тәртібі

лауазымды адам

міндетті шарт

алдын ала жүгіну

шағымды қайта беру

уәкілетті орган

предварительное обращение

повторная подача жалобы

уполномоченный орган

свобода

бездействие

протест

устные жалобы

подача жалобы в суд

порядок подачи жалобы

должностное лицо

обязательное условие



13. Тыңдаңыз, тиісті етістіктерді қойып жазыңыз.

Шағымдар ауызша және жазбаша _____. Ауызша шағымдар хаттамаға _____, оған арыз беруші және шағымды қабылдаған лауазымды адам _____. Тиісті лауазымды адамдардың қабылдауында адамдар баяндаған ауызша шағымдар жазбаша түрде берілген шағымдармен жалпы негіздерде _____. Шағымға қосымша материалдар қоса _____.

берілуі мүмкін

енгізіледі

шешіледі

болуы мүмкін

қол қояды